Тек: Күз

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

## Қыркүйек айы 2022жыл 1 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі 01.09.2022 | Жұма 02.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, жазғы демалысы қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары<br>(бестемше, роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері<br>Үлкен шеңбер құрайық<br>Алақанды ұрайық<br>Күлімдесін күнде,<br>Күлімдейік бізде<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық.<br>Таза ауаны жұтайық<br>Жүрекке жылу сыйлайық.<br>Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | | | **Музыка маманының жоспары бойынша**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** |
| | | | | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Балалардың «Білім күні» мерекесі туралы не білетінін сұрау. Отбасындағы аға әпкелері мектепке қалай дайындалды әңгімелеу. Келесі жылы оларда мектепке алғашкы қадам жасайтынын айту. Алғашқы қоңыраудың видеосын тамашалату. Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету **(Сөйлеуді дамыту)** балаларды елестету арқылы күрделі емес мектептің өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып сурет салу дағдысин қалыптастыру | Есік қағылып топқа әдіскер қонаққа келеді. Балаларға әр түрлі суреттерді алып келгенін айтып, жаңа оқу жылы басталғанын, балалар мектепке дайындалуы керектігін түсіндіреді. Балаларға суреттерді таратып беріп, сурет туралы әңгімелуді, жалғасы мен соңын ойлап таба білуге үйрету. (**Көркем әдебиет)** Қолдарындағы суреттер бойынша не жасауға болатынын қарап, сол орталықтарға баруды ұсыну. Кітаптардың суреттері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(Сурет салу)**<br>Балалар қалауы бойынша мектеп құралдарын мүсіндеуде таныс әдістерін колдануды және заттардың өлшемдік катынастарын бере білуге жаттыктыру **(Мүсіндеу)**<br>Сергіту сәттерін жасатып, орталыктардан ауысып жұмыс жасауын ұйымдастыру. | бейнеленген балалар кітап орталығына барады. Бұл орталыкта мектепке калай дайындалуға болады, өз ойларын айтып, сахналап көрсетеді. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, жеке өз ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және накты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету **(Сөйлеуді дамыту)**<br>Сандар берілген карточкадағы балалар математика орталығына барып, мектепке қалай дайындалуға болады. Сандарды санау. Жаңа 6санымен танысу. Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру. Оларды санау, салыстыру. **(Математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Әр түрлі шығармашылыққа қолданылатын заттары бейнеленген суретті алған балалар өнер орталығында әр түрлі іс әрекеттер жасау арқылы мектепке дайындалады.<br>Күзде пісетін көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып,мүсіндеу **(Мүсіндеу)**<br>түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету **(Жапсыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | | Ата-аналармен баланың мектепте бейімделуі жайында сұхбат | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру |

Тоқ. Тек

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

## Қыркүйек айы 2022жыл 2 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 5.09.2022 | Сейсенбі 6.09.2022 | Сәрсенбі 7.09.2022 | Бейсенбі 08.09.2022 | Жұма 09.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (бестемше, роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында өз бетінше сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері н өткізу<br>Үлкен шеңбер құрайық<br>Алақанды ұрайық<br>Күлімдесін күнде,<br>Күлімдейік бізде<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық.<br>Таза ауаны жұтайық<br>Жүрекке жылу сыйлайық.<br>Отбасы деген не? Тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша**<br>Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Отбасы мүшелерін бүкіл параққа, бір сызықтың бойына орналыстыра бейнеленген суретті бояу<br>**(Сурет салу)**<br>Анама арнлаған білезік затқа қарап мүсіндеу<br>**(Мүсіндеу)**<br>Үйдегі үлкен кілемді сәндейміз. Түрлі пішіндегі қағаздан таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету.<br>**(Жапсыру)** | **Музыка маманының жоспары бойынша**<br>Үлкенге құрмет, кішіге ізет. Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын меңгерту. Отбасындағы сыйластық негіздері жайында түсіндіру.<br>Рөлдерге еніп қарым қатынастарды сахналау.<br>**(Көркем әдебиет)**<br>Топтағы қуыршақтардан отбасы құрап, олардың бойларын, салмағын өлшеп салыстыру.<br>Отбасы мүшелерінің бойының ұзындығын өлшей білуге, өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету.<br>"үлкен – кіші",<br>"үлкенірек – кішірек"<br>«Енд енсіз»<br>деген сөздерді қолдануды үйрету.<br>**(Математика негіздері)** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>"дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін жетілдіру.<br>дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту<br>Қолын жазуға дайындау.<br>Қонаққа келген отбасы мүшелеріне отбасылық газетті таныстыру.<br>Балалардың бір-біріне жақсы тілектер айтуы**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Қонақтарға тақпақтар айтқызу. Шалқан ертегісін сахналау<br>**(Көркем әдебиет)**<br>«Ашық хатты» сәндеп суреттер салу.<br>**(Сурет салу)** | **Музыка маманының жоспары бойынша**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстардан сөз құрау амалымен таныстыру<br>Қолын жазуға дайындау<br>Кішкентай көмекшілер.<br>Ата анасына отбасында қандай көмек көрсететіні жайында сұрау. Рөлдік ойын «Анаммен ас үйде»<br>**(Көркем әдебиет)**<br>түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерден анасының алжапқышына өрнектерді салу.<br>**(Сурет салу)**<br>Анамның алжапқышына геометриялық элементтерден өрнек құрастыру.<br>**(Жапсыру)** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша**<br>Анам әкем және мен спорттық әулеттен іс шарасынан алған әсерлерімен бөлісу.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Балабақшада бар спорт құралдарын беттестіру және тұстастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды санауға, салыстыруға үйрету<br>**(Математика негіздері)**<br>Ойын немесе спорт залды құрылыс материалдардан құрастыру.<br>**(Құрастыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Отбасылық фото суреттерді немесе отбасылық газет жасап беріп жіберуін сұрау | Отбасылық газетті танысытыруға қонаққа шақыру | Алған әсерлерімен бөлісу. | Отбасылық мерекелер мен ойындар туралы кеңес беру. | Апта бойы жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру |

Топ : бау

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

## Қыркүйек айы 2022жыл 3 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 12.09.2022 | Сейсенбі 13.09.2022 | Сәрсенбі 14.09.2022 | Бейсенбі 15.09.2022 | Жұма 16.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, сүйікті ойыны туралы баланың жеке пікірін білу**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұшақтар», «Ұқсайды-ұқсамайды»<br>Мен ертегі кейіпкерімін сюжетті ойын.<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Әр түрлі жұмсақ ойыншықтарды беру арқылы бір біріне жақсы сөздер айту. Жаңалықтарымен бөлісу. «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** | **Музыка маманының жоспары бойынша** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері**<br>Сөз" және | **Музыка маманының жоспары бойынша Сауат ашу негіздері**<br>Сөз" және "дыбыс"і | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | "дыбыс"терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. | туралы бастапқы түсініктерін пысықтау. жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. | |
| | «Менің сүйікті ойыншығым» ойыншықты қолына ұстап, сипаттап, не үшін жақсы көретінін әңгімелеп беру. **(Сөйлеуді дамыту)** Сүйікті ойыншығына қарап отырып бейнелеу. **(Сурет салу)** | «Қызықты ойындар» балалар жақсы көретін ойындары туралы жай және күрделі сөйлемдерді қолдану арқылы әңгімелейді **(Сөйлеуді дамыту)** пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмалары бар | «Ұлттық ойындармен ойыншықтар» балалардан дене шынықтыру іс әркетінде қандай ойындар ойнаған сұрау. Ол ойындар несімен ерекше екенін сұрау. Шағын | «Мен жасаған ойыншық» Ойыншықтарды қолдан жасауға бола ма? Болса қалай жасаймыз? Ойыншықтар бізге қайдан және қалай келеді? Деген | «Ойыншық дүкені» қандай болады. Олар несімен ұнайды әңгімелеу. **(Сөйлеуді дамыту)** Саханалау. Ойыншық дүкенінде **(Көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сүйікті ойыншығын мүсіндеу **(Мүсіндеу)** Сүйікті ойыншығын қиып жапсыру **(Жапсыру)** | ойындар ойнату **(Математика негіздері)** Ойыншықтар арасынан жануарлар мен олардың төлдерін тауып атау. Тіршіліктерін сипаттау. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** | сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету **(Сөйлеуді дамыту)** Ұлттық ойындар мен ойыншықтардың суретін салу. **(Сурет салу)** Ұлттық ойындар мен ойыншықтарды тұзды қамырдан мүсіндеу **(Мүсіндеу)** Ұлттық ойындар мен ойыншықтарды түрлі түсті қағаздан қиып жапсыру **(Жапсыру)** | сұрақтар қою арқылы бірізді және нақты айтуға үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)** Менің сүйікті кейіпкерім. Ойыншықтардың ішіндегі кейіпкерге тоқталып, адамдар арасындағы қарым қатынасты әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету **(Көркем әдебиет)** Балалардың жасаған ойыншықтарын "үлкен – кіші", | «Бестемше», «пазылдар» ойнату **(Математика негіздері)** Құрастыру материалдарынан ойыншық дүкенін құрастыру. **(Құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **"үлкенірек – кішірек", Сөздерімен сипаттау. Ойыншықтардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету (Математика негіздері)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Балалардың сүйікті ойыншықтарын біледі ма сұрау** | **Үйде ойнайтын ойыны мен ойыншығы туралы пікір алмасу** | **Қандай ұлттық ойындар ойнату керек кеңес беру** | **Жасаған ойыншықтарын көрсету** | **Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру. Дүйсенбі күнге балалардың сүйікті кітаптарын беріп жіберуді сұрау.** |

Тек: Жиң

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

## Қыркүйек айы 2022жыл 4 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 19.09.2022 | Сейсенбі 20.09.2022 | Сәрсенбі 21.09.2022 | Бейсенбі 22.09.2022 | Жұма 23.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары)<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу.<br>«Бәрін білгім келеді», «Менің сүйікті кітабым», «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** | **Музыка маманының жоспары бойынша** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша**<br>**Сауат ашу негіздері** | **Музыка маманының жоспары бойынша**<br>**Сауат ашу негіздері** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сөз" және "дыбыс" туралы түсініктерін пысықтау. жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстау дағдысын қалыптастыру | Сөз" және "дыбыс" туралы түсініктерін пысықтау. жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстау дағдысын қалыптастыру | |
| | Топқа ата-аналар қонаққа келеді. Балаларға арналған кітаптарды сыйлайды. Балалар кітаптарды қарап шығады, кітаптар не туралы екенін әңгімелейді. **(Сөйлеуді дамыту)** Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету. | «Кітап неден жасалған?» балалардың өз ойларын айту, тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойдан шығара білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)** Табиғи қалдық материалдарымен өздерінің жасаған кітаптарын | «Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)** Балалардың өздеріне кітап оқуға мүмкіндік беру. Кітап | «Кітаптағы кейіпкер» Топқа ертегі кейіпкерлері келеді, балалар сәлемдесіп, қай кейіпкер екенін, қай кітаптан екенін табады. Бірлесіп кейіпкерлер ұсынған ойындарды ойнайды. Кейіпкерлердің кітаптағы сөздерін тауып, жалғасын | «Кітаптар жәрмеңкесі» Апта бойы балалардың жасаған кітаптарынан жәрмеңке ұйымдастырып, басқа топтардың балаларын шақырып тамашалату. Кіші топтан келген балаларды кітап жасау шеберханасына шақырып, кітап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Көркем әдебиет)**<br>Кітаптарды санау, беттестіру арқылы биіктігі бойынша, қалыңдығы бойынша салысытыру.<br>**(Математика негіздері)** | сәндеу.<br>**(Құрастыру)**<br>Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдеріне тән белгілерді атай алу және ажырату дағдыларын кітаптардан қарау арқылы үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** | суреттеріне қарап, өздері оқып жатқан кейіп танытып, эмоционалды-бейнелік мазмұнын бере білуді үйрету.<br>**(Көркем әдебиет)** | айтады.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Кейіпкерлерге қарап суреттерін салу, мүсіндерін жасау, оларға естелік ашық хат дайындау.<br>**(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>**Бірлесіп көңілді әндер орындау. (музыка)** | жасауды үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Келген балалардың қалауы бойынша кітапты сәндеу, ермексаз немесе тұзды қамырдан мүсіндеу және түрлі түсті қағаздарды қиып өрнектеп сіндеу жұмыстарын үйрету. **(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі іс шара туралы ата аналардың пікірін, ұсыныстарын тыңдау. | Балалардың жасап жатқан кітаптарына көмектесуін сұрау. | Балалармен бірге кітап оқуды ұсыну | Сүйікті ертегі кейіпкерлерінің сөздерін бірге жаттау | Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау. |

Тек: [illegible]

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

## Қыркүйек айы 2022жыл 5 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 26.09.2022 | Сейсенбі 27.09.2022 | Сәрсенбі 28.09.2022 | Бейсенбі 29.09.2022 | Жұма 30.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен карсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға [...]нешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, [...]лдесуді пысықтау, баладан балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке сұрау **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Күн және жаңбыр», «Бақшада не өседі?», «Ұшты ұшты» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) **Балармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. «Алтын күз» дегінді қалай түсінетіні, неге жапырақтар түсін өзгертеді, неге олар түседі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** | **Музыка маманының жоспары бойынша** | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** **Сауат ашу негіздері** Сөз" және "дыбыс" туралы түсініктерін пысықтау. жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстау дағдысын | **Музыка маманының жоспары бойынша** **Сауат ашу негіздері** Сөз" және "дыбыс" туралы түсініктерін пысықтау. жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстау дағдысын қалыптастыру | **Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру | | |
| | «Ертегілер елінде» Балалардан қандай ертегілер білетінін, ертегілерді қайдан қарауға болатынын сұрау. диалог түрінде сөйлеуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)** Таныс ертегіні сахналау. **(Көркем әдебиет)** Ертегі кейіпкерлерін санау, салыстыру. **(Математика негіздері)** Ертегідегі ғимараттарды құрастыру материалдарынан құрастыру. **(Құрастыру)** | «Қазақ ертегілері» Балаларға қазақ халық ертегілерін оқып беру. Мультфилімін көру. (ер төстік, алпамыс батыр, жыл басына таласқан хайуанаттар, алдар көсе, қаңбақ шал және т.б) **(Сөйлеуді дамыту)** Өздеріне ұнаған ертегіні бейнелеу **(Сурет салу)** Өздеріне ұнаған ертегінің кейіпкерлерін қиып кітапшаға жапсыру **(Жапсыру)** | «Әлем ертегілері» балаларға кітаптардан ертегілерді таныстыру, сөйлейтін электронды кітаптар арқылы ертегі тыңдауды үйреті. **(Сөйлеуді дамыту)** Кейіпкерлердің киімдерін киіп ертегілерді сахналау. **(Көркем әдебиет)** Кітаптарды санау, салыстыру, өз ойларынан ойындар құрастыру. **(Математика негіздері)** Ғажайып әлемді қиялдау бойынша құрастыру. **(Құрастыру)** Ғажайып кейіпкерлердің суретін салу **(Сурет салу)** | Менің ертегі әлемімде. Ойдан ертегі құрау. бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету **(Сөйлеуді дамыту)** Әр түрлі табиғи заттардан топты сәндеу, орталықтардың заттардың, сөрелердің орнын ауыстыруға жағдай жасап, көмектесу. **(Құрастыру)** Ертегі әлемін жасау үшін сәндік заттарды бейнелеу. **(Сурет салу)** Қағаздарды қиып, сәндік заттар, ұжымдық жұмыстар жасап топты ертегі әлеміне айналдыру. **(Жапсыру)** | Театрға саяхат. Балаларды ертегі қойылымын тамашалатуға алып бару. Онда не көргендерін ретімен, асықпай айтып беру. **(Сөйлеуді дамыту)** Театрда көрген кейіпкерін бейнелеу. **(Сурет салу)** Кейіпкердің мүсінін жасау. **(Мүсіндеу)** Қағаздардан қиып жапсыру. **(Жапсыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баласының сүйікті ертегісі туралы ақпарат беру | Қазақ ертегісін оқып беруін ұсыну | Әлемдік ертегі оқып беруін ұсыну | Баласының ойдан құрастырған ертегісін сұрауды ұсыну. | Апта бойғы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау. |